

«6D060700–Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қайта қорғауға ұсынылған докторант Тыржанова Саягуль Сериковнаның «Орталық Қазақстан аумағындағы *Scabiosa isetensis* және *Scabiosa ochroleuca* - ның биологиялық ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ЭКСПЕРТТІК ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ КОМИССИЯ ШЕШІМІ

1. Диссертация мазмұны мен ғылыми деңгейіне баға

Диссертацияда зерттеу тақырыбына қатысты өзекті мәселелер қарастырылып, ғылыми нәтижелер жеткілікті негізделген. Жұмыс құрылымы талаптарға сәйкес, материалдың баяндалуы жүйелі. Автор зерттеу барысында қазіргі ғылыми әдістерді тиімді қолданған. Ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар тиісті теориялық және тәжірибелік құндылыққа ие, сондай-ақ мамандықтың ғылыми бағытына сәйкес келеді.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы: *Scabiosa isetensis* және *Scabiosa ochroleuca* түрлерінің таралу аймақтары, экологиясы мен онтогенездік ерекшеліктері алғаш рет кешенді зерттелген.

Практикалық маңызы: зерттеу нәтижелері оқу процесіне (ботаника, криобиология, өсімдіктер биотехнологиясы пәндері) және ғылыми-зерттеу паркі жұмысына енгізілгендігі актілермен расталған.

Жарияланымдар: диссертация тақырыбы бойынша 13 ғылыми еңбек жарық көрген, оның ішінде 1 мақала – Scopus, 6 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің басылымдар тізіміне кіретін «Қарағанды университетінің хабаршысы. Биология. Медицина. География» сериясы мен «Eurasian Journal of Applied Biotechnology» журналдарында жарық көрді. Диссертациялық зерттеу жұмыстарының нәтижелері 5 халықаралық ғылыми конференцияларда талқыланып, жарияланды.

«Антиплагиат» жүйесі бойынша диссертация мәтінінің түпнұсқалық деңгейі – 95%. Плагиат фактілері анықталған жоқ.

Қайта қорғауға негіздеме:

2025 ж. "17" ақпандағы № 1 хаттама негізінде ««Биологиялық және пәнаралық ғылымдар, биотехнология және қолданбалы микробиология» бағыты бойынша Сараптау кеңесі диссертацияны қайта қорғауға жіберіп, мынадай ескертулер енгізді:

Диссертацияда грамматикалық қателер көп, мәтінді мұқият өңдеп, барлық грамматикалық және стилистикалық қателерді түзету, сондай-ақ орыс және ағылшын тілдерінен қазақ тіліне дәл және дұрыс аудару қажеттілігін ескертеді.

Жасалған түзетулер:

• Ғылыми мәтіндегі стильдік және грамматикалық қателер түзетілді: мәтін толықтай қайта қаралып, сөйлем құрылымдары, тыныс белгілерінің қойылуы және сөздердің дұрыс жазылуы қазақ тілінің әдеби нормаларына сәйкестендірілді. Терминология мен аударма сәйкессіздіктері нақтыланып, ғылыми тіл талаптарына сәйкестендірілді.

• Орыс және ағылшын тілдерінен алынған деректер мен үзінділер қайта тексеріліп, қазақ тіліне ғылыми терминологияға сәйкес дәл әрі мағыналық тұрғыдан дұрыс аударылды. Өсімдіктердің морфологиялық сипаттамаларындағы аударма қателері түзетіліп, трихомалар мен жанырақтарға қатысты терминдер қазақ тіліне ғылыми тұрғыдан дұрыс аударылды.

• «Зерттеу нысандары мен әдістері» бөлімінде криоконсервация жүргізу тәртібі, қолданылған қондырғылардың атауы, сондай-ақ тұқым өнгіштігі мен ону қарқындылығын анықтау әдістері толық және нақтыланып сипатталды. Диссертациядағы мәтін мен 33-кестедегі ДМСО концентрацияларындағы сәйкессіздіктер түзетіліп, 5% және 10% ДМСО нәтижелері біріздендіріліп берілді, олардың таңдалу себептері мен ону көрсеткіштеріне әсері салыстырмалы түрде талданды.

• Өсімдіктер қауымдастығындағы туыстар спектрі түрлердің пайыздық мөлшерімен толықтырылып көрсетілді. • Кестелердегі пайыздық мәндер нақтыланып түзетілді, нәтижесінде көрсеткіштердің жалпы үлесі түрлердің толық (100%) санына сәйкес келетіндей етіп берілді.

• Пайдаланылған әдебиеттер тізімі қайта қаралып, мәтін ішіндегі сілтемелермен сәйкестендірілді.

• *Scabiosa ochroleuca* қауымдастықтарындағы 142 түр мен *Scabiosa isetensis* қауымдастықтарындағы 79 түр бойынша гербарий үлгілері университеттің гербарий қорына тапсырылғаны туралы акті қосылды, сондай-ақ анықталған өсімдіктердің ішінде сирек, жойылып кету қаупі бар және Қызыл кітапқа енгізілген түрлер көрсетіліп нақтыланды.

• Криозақымдану механизмдеріне қатысты толықтырулар енгізіліп, өнгіштіктің төмендеу себептері ретінде ДНҚ мен ақуыз құрылымының өзгеруі ғылыми талдау арқылы көрсетілді.

Қорытынды:

Жасалған түзетулер нәтижесінде диссертациялық жұмыс мазмұны мен рәсімделуі ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді. Жұмыс дербес орындалған, жаңа ғылыми нәтижелер алынған, практикалық маңызы дәлелденген және жарияланымдар жеткілікті.

Тыржанова Саягуль Сериковнаның диссертациялық жұмысы бойынша сараптау кеңесі ұсынған ескертулер толық көлемде ескеріліп, түзетулер

енгізілген. Диссертация авторы Сараптау кеңестің ескертулерін жойып, өзіндік дербестік, ішкі бірізділік, ғылыми жаңалық, практикалық және теориялық маңыздылық талаптарын орындады. Диссертацияда енгізілген түзетулер зерттеудің тереңдігі мен ауқымын негіздеді.

Эксперттік кеңесінің мүшелері диссертациялық жұмыспен танысып, енгізілген түзетулерді қарастырып, томендегідей шешім қабылдады:

КОМИССИЯ ШЕШІМІ:

1. Тыржанова Саягуль Сериковнаның диссертациясы PhD дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

2. Диссертация авторы тарапынан сарапшылар көрсеткен ескертулер толық көлемде түзетілген.

Комиссия төрағасы:

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды

ұлттық зерттеу университеті,

биология-география факультетінің деканы, PhD

Комиссия мүшелері:


Физиология кафедрасының меңгерушісі, б.ғ.к.


Ботаника кафедрасының


қауымдастырылған профессоры, б.ғ.к.

Диссертациялық кеңес мүшесі, б.ғ.к.


Диссертациялық кеңес мүшесі, б.ғ.д.

 Жумина А.Г.

 Мукашева Г.Ж.

 Нуркенова А.Т.

 Сенатор С.А.

 Какимжанова А.А.

Күні: «30» қазан 2025 ж.